



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

методической работе. Ведь общеизвестно, что современный педагог, не ведущий на должном уровне исследовательские работы, научные проекты с учениками не может готовить специалистов, способных заниматься наукой или научно-обоснованной практической деятельностью. Это требует от педагога широты эрудиции, гибкости мышления, активности и стремления к творчеству, способности к анализу и самоанализу, готовности к нововведениям. В век технологизации и глобализации не возникает сомнения в правильности решения Президента Н.А. Назарбаева о введении культурного проекта «Триединство языков» в образовательную систему РК. На сегодняшний день это одна из долгосрочных стратегий развития Казахстана. Реализация данного проекта сыграет огромную роль для нового поколения казахстанцев. Владения тремя языками откроет широкие возможности позитивного роста и конкурентоспособности как внутри страны, так и в мировом сообществе.

Статистика: Уровень знания английского языка среди взрослого населения Казахстана возрос на 11.23 балла за последние 7 лет, что является более значительным улучшением, чем в ряде других стран. Позитивные факторы приходятся на людей от 18 до 34 лет. Несмотря на данный прогресс, профессиональный уровень английского языка в Казахстане остается ниже средних региональных показателей для групп всех возрастов и находится в сегменте стран, слабо владеющих английским языком, занимая 54 место.

Список использованных источников:

1. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. — № 33(25278). — 2007. — 1 марта
2. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — № 218-219. — 10 июля.
3. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // ru.government.kz/resources/docs/doc18
4. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // edu.gov.kz

ӘОЖ 81'322

РЕАЛИЙЛЕРДІҢ АУДАРМАСЫ

Маулан Мадина

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті

Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ә. М. Қызырова

Өз кең мағынасында қолданылатын мәдениет сөзі мен осы сөздерге тіл элементтері ретінде салынған, сақталған және баяндалған ақпараттың арақатынасы мәселелері лингвисттермен қоса, басқа да ғылымдардың өкілдерін қызықтырған. Халық пен ел өмірінің барлық үлкен және кіші ерекшеліктері (географиялық жағдайы, тарихи дамуының барысы, әлеуметтік құрылысының көрінісі, қоғамдық ойдың, өнердің даму үрдісі т.б.) міндетті түрде халықтың тілінде көрініс табады. Мағынасында тіл мен мәдениеттің байланысын семантикалық тілдік бірлігінің мәдени компонентін көрсететін реалий сөздер жатады.

Реалийлар лингвистикалық құбылыс ретінде баламасыз лексика категориясына жатады. Олар фондық білімнің бөлігі болып табылады және тіл мен мәдениет әрекеттесуін зерттеу кезінде ерекше қызығушылыққа ие болады. «Мамандар тіл мен осы тілді оқитын тіршілігімен әрекеттесуін тікелей көрсететін тілдің әлеуметтік жағына ерекше назар аударады» [1,4].

Зерттеушілер ұлттық-таңбаланған тілдік бірлікті жеткізудің қандай да әдісін енгізіп, екіншісін ескермей, сөздер-реалийларды аударудың түрлі әдістерін ұсынады. Аударудың ең

көп тараған әдістері транскрипция, транслитерация, калькілеу, сипаттамалы (түсіндірмелі) аударма, болжалды (приближенный) аударма және трансформациялық аударма түрлері болып табылады.

Тәсілді таңдау бірнеше алғышартқа байланысты: 1. Мәтіннің сипаты; 2. Контекстінде реалийлардың маңызы; 3. Реалийдың сипаты, оның түпнұсқа мен аударылатын тілдер лексикалық жүйелеріндегі орны; 4. Тілдердің өзі – олардың сөзжасам мүмкіндіктері, әдеби және тілдік дәстүрі; 5. Аударма оқырмандары(түпнұсқа оқырмандарымен салыстырғанда) [2, 94].

Джек Лондонның «The Sea-Wolf» («Теңіз қорқауы») романы, «To the Man on Trail» («Сапардағылар үшін») әңгімесі мен олардың қазақ және орыс тіліндегі аудармаларындағы реалий сөздерді қарастырдық. Джек Лондон шығармаларындағы реалия сөздерінің атқарып отырған маңызды қызметі осы сөздерді аудару үдерісі кезіндегі ерекше ұқыптылықты талап етеді. Туындыгердің «Теңіз қорқауы» романы мен «Сапардағылар үшін» әңгімесінің қазақ тіліне аударған Дидахмет Әшімханұлының айтуына қарағанда, осы екі шығарма туған тілімізде алғаш рет аударылып отыр.

Аудармашы осы екі шығарманы орыс тілінен қазақ тіліне аударғандықтан, басқа бір қиыншылықтарға тап болды, алайда кейбір мәдени-таңбаланған лексикалық бірліктердің ұлттық не болмаса тарихи колоритін жоғалтпау мақсатында, сол қалпында қалдыра берді. Алайда, бізді толғандырып жатқан басты мәселеміз – реалийларды ағылшын тілінен аудару.

Негізінен, реалийларды аудару тәсілдерін зерттеп, бірнеше тәсілдерді ұсынған ғалымдар бар, атап өтетін болсақ, В.С.Виноградов, А.В. Федоров, Л.К. Латышев, В.Н. Комиссаров, С. Влахов, В. Флорин, қазақ ғалымдарының ішінен Р. Сәрсенбаев және Ж.А. Жақыпов. Осы ғалымдармен реалия сөздерін аудару тәсілдерінің ішінен, транскрипциялау және транслитерациялау, калькілеу, болжалды аударма немесе ұқсас балама табу, түсіндірмелі немесе сипаттамалы, гипонимиялық аударма және жаңа сөз немесе сөз тіркесін жасау тәсілдері ұсынылған болатын. Ғалымдармен көрсетілмеген, алайда тәжірибе жүзінде анықталған аударма тәсілдері де бар. Олар екі тәсілдің қосылуы арқылы жүзеге асырылып, негізінен тек сөз тіркестерін аудару үшін қолданылады. Осындай әдістерді атайтын болсақ, транскрипциялау немесе транслитерациялау мен калькілеу тәсілдерінің қосарлануы. Ал осындай «қосарланған» тәсілдің екіншісі – транскрипциялау мен транслитерациялау әдістерінің қосарлануы.

Транскрипциялау тәсілі реалия сөздерін тілдің артикуляциялық ережелеріне сәйкес аударма тілдің фонетикалық жазу құралдарының көмегімен басқа тілге сол күйінде енгізуді мақсат еткені баршамазға мәлім. Осы тәсіл көбінесе антропонимдерді, топонимдерді аудару кезінде қолданылған:

1) The man who had spoken to him was clearly a Cockney, with the clean lines and weakly pretty, almost effeminate, face of the man who has absorbed the sound of Bow Bells with his mother's milk [3, 11].

У второго – судя по выговору, типичного кокни – были мелкие, почти женственные черты лица: внешность его позволяла предположить, что он с молоком матери впитал в себя перезвон лондонских церковных колоколов [4, 13].

Екінші адам – сөйлеу мәнеріне қарағанда, кокни сияқты – түрі әйелге ұқсас нәзіктеу екен; оның сыртқы болмысы емшек сүтін емгеннен бастап бүкіл бойына лондондық шіркеудің қоңырау күмбірін сіңіріп өскенін айғақтайтындай [5, 22].

«Кокни» сөзін аудару барысында бүкіл фонетикалық заңдылықтар сақталып, еш қиындықтар не түсініспеушіліктер туған жоқ.

Калькілеу тәсілі шетел реалия сөздерінің құрамдас бөлектерінің, яғни морфемалардың немесе сөздердің аударылатын тілдің тура сәйкестіктерімен ауыстыру әдісі екені баршаға мәлім. Д. Лондон шығармаларындағы калькілеу тәсілімен аударылған реалия сөздері мен сөз тіркестерінің тізімі мысал ретінде төменде ұсынылған:

1) "Therearetheseals," shesuggested [3, 261]. - А у нас есть котики, - подсказала Мод [4, 164]. - Ал бізде мысықтар бар! – деді Мод [5, 238].

2) ... had been living the two month past on straight moose-meat [6, 9]...

... последние два месяца питался только олениной [7, 350]...

... кейінгі екі айда тек бұғы етімен қоректенгенін білетін [5, 401].

Жалпы, аударма тәсілдерін сарыптау негізінде, калькілеу тәсілі арқылы аударылған реалия сөздері барлығы жөнінде тиімді аударылған мысал түрлері болып табылады деген қорытындыға келіп отырмыз.

Транслитерациялау тәсілі кезінде аударылатын тіл құралдарының көмегімен бастапқы тіл сөзінің (реалиясының) графикалық түрі берілетіні сөзсіз. Яғни бастапқы тілден аударылатын сөз аударма тіліне бүкіл фонетикалық және орфографиялық нормаларын сақтап, берілуі тиіс. Ал енді осы тәсілмен аударылған реалия сөздері мен сөз тіркестерін қарастырайық:

1) Not but that I was afloat in a safe craft, for the Martinez was a new ferry-steamer, making her fourth or fifth trip on the run between Sausalito and San Francisco [3, 3].

Нельзя сказать, чтобы Мартинез, на котором я плыл, был ненадежным судном, - этот новый пароход совершал уже свой четвертый или пятый рейс на переправе между Саусалито и Сан Франциско [4, 7].

Мен мініп шыққан «Мартинез» кемесін тым сенімсіз деуге келмейтін; бұл жаңа пароход Саусалито мен Сан-Франциско арасындағы өткелді осымен не төртінші, не бесінші рет кесіп өтіп келе жатқан [5, 13].

2) ... sign the articles for the cruise, twenty dollars per month and found [3, 26]. Подпишите условие на этот рейс – двадцать долларов в месяц и харчи [4, 21]. Бұл қызметіңіз үшін айына жиырма доллар және біраз азық-түлік аласыз [5, 31].

Жоғарыда келтірілген реалия сөздерінің мысалдары ағылшыннан орыс тіліне, аталып кеткендей, транслитерациялау тәсілі арқылы аударылған. Бұл аударманың тиімді де үнемді түрлерінің бірі болып табылады. Ал орыс тілінен қазақ тіліне аударған кезде реалия сөздерінің топонимдер, кеме аты, ақша бірлігі, кісі аты және жануар атауы болғандықтан, аударылатын тілде өзгеріссіз көшірілді.

Аудармашылардың сәтті қолданған тағы бір тәсілі – реалия сөздерге ана тілінен мағына мен қызметі жағынан теңбе-тең келмесе де, ұқсас ұғым беретін *балама табу* немесе, орыс ғалымдарының айтқанындай, *болжалды аударма тәсілі*. Мәселен,

1) He kept a summer cottage in Mill Valley, under the shadow of Mount Tamalpais, and never occupied it expect when he loafed through the winter months and read Nietzsche and Shopenhauer to rest his brain [3, 1].

У него была дача в Милл-Вэлли под сенью горы Тамальпайс, но он жил там только зимой, когда ему хотелось отдохнуть и почитать на досуге Ницше или Шопенгауэра [4, 7].

Оның, Чарлиді айтам да, Тамальпайс тауының етегінде, Мил-Вэлиде саяжайы бар еді, бірақ ол онда бос уақытында Ницшені немесе Шопенгауэрді кеміріп жату үшін тек қыста ғана тұратын [5, 13].

«Summercottage» реалиясының болжалды аударма немесе балама табу тәсілімен аударылғандығын дәлелдеу үшін, үш сөзге де анықтама беріп шығайық:

Summer cottage – a house, especially in the mountains or near the sea, that is used for summer holidays [8, 1439]. *Дача* – загородный дом, обычно для летнего отдыха [9, 185]. *Саяжай* – жаз айларында демалу үшін қала сыртында салынған шағын үй [10, 718].

Өзіміз көріп отырғанымыздай, үш сөздің мағынасы бір-біріне жақын, ұқсас, демек, аудармашы ағылшын тілінен орысшаға, орысшадан қазақ тіліне аударған кезде, болжалды аударма тәсілін қолданған.

Түсіндірмелі немесе *сипаттамалы* аударма тәсілі бастапқы тілдің лексикалық бірліктерінің мағынасы білдіретін заттың немесе құбылыстың мәнін ашатын жайылма сөз тіркесі көмегімен жеткізілуіне негізделгені белгілі. Осы әдістің әрі қолайсыз, әрі үнемсіз болуына қарамастан, аудармашы шығармаларда кездескен реалия сөздерінің бірнешеуін осы тәсіл арқылы аударды. Мәселен,

1) She was like a Dresden china [3, 212]...

Своей утонченность, нежностью она походила на дрезденскую фарфоровую статуэтку [4, 123].

Ол өзінің нәзіктігімен сәл қаттырақ ұстасаң сырт етіп сынып кетер дрездендік фарфор мүсіншілерді еске түсірер еді [5, 178].

Dresden – a city in Germany, which is well-known for producing of a china of high quality [9, 15]. China – a thin hard clay used for making plates, cup etc. [8, 235]. Осы екі анықтамаға қарап, «Dresden China» - аса сұлулығымен көзге түсетін, бірақ өте нәзік, сынғыш зат. Аудармашы Dresden China реалия сөз тіркесінің мағынасы баршаға түсінікті бола алмайтынын ескере отырып, оның қасиеттерін түсіндіріп, аударма жасады.

2) Last fall he gave his whole clean-up, forty thousand, to Joe Castrell, to buy in on Dominion [6, 18]. Прошлой осенью он отдал сорок тысяч – все, что имел Джо Кастреллу, чтобы тот вложил их в какое-нибудь верное дело на каком-нибудь куске землибританцев [7, 358]. Былтыр күзде ол қырық мыңды, - қолындағы барлық ақшасын Канададағы әлдебір сенімді іске салу үшін Джо Кастреллге берген [5, 409].

Dominion – ол бұрынғы кездердегі Британ ынтымақтастығының құрамына енген мемлекеттердің атаулары, осы жерде Канада туралы сөз қозғалып жатыр. Осыны әрбір оқырман біле қоймас, сондықтан да аудармашы ағылшын тілінен орыс тіліне аударған кезде түсіндірмелі тәсілін қолданып, орыс тілінен қазақ тіліне аударма барысында лексикалық трансформация әдісін қолданып, Dominion реалиясын Канада атауына алмастырды.

Ал енді реалия сөздерін аударудың келесі бір тәсілі – *гипонимиялық тәсілге* көшейік. Ол жуықтатып, жинақтау әдісі болып табылады. Аудармашы бұл тәсілді реалия сөздерін аудару кезінде көп қолдана қоймаған.

1) The beggar came aboard without a cent [3, 78].

Бродяга явился на борт без гроша в кармане [4, 49].

Ал кешегі күні ол кемеге қайыршы қалпында келіп еді [5, 72].

Cent – Америка Құрама Штаттары мен басқа да мемлекеттердегі ең кішкентай ақша бірлігі, аудармашы бұл реалияның мағынасын жалпылап, жуықтап, орыс тіліне «грош» ретінде жеткізген. Ал орыс тілінен қазақ тіліне аударма барысында сөйлем лексикалық және грамматикалық трансформацияға ұшырап, реалия мүлдем тасталып, алмастырылып кетті.

2) The lazarette, where such delicacies were stored [3, 290]...

Кладовая, где хранились эти деликатесы [4, 57]...

Бұл тағамдар сақталатын қойма [5, 82]...

Lazarette - a small compartment below the deck in the after end of a vessel, used for stores [60, 317], яғни кемедегі азық-түлік сақтау үшін қолданылатын жер.

Ал енді аудармашы ғалымдармен қамтылмаған, алайда Д. Лондон шығармаларын зерттеу негізінде анықталған реалия сөздері мен сөз тіркестерін аудару тәсілдеріне назар аударайық.

Ол реалия сөз тіркестерін аударуға бағытталған екі аудару тәсілінің қосындысы – транскрипция немесе транслитерация тәсілі мен калькілеу тәсілінің қосарлануы. Осы тәсіл бойынша сөз тіркесінің бір сыңары транскрипция немесе транслитерация тәсілімен, екіншісі калькілеу тәсілімен және керісінше аударылады. Бірер мысалдар келтірейік:

1) The cap'n is Wolf Larsen, or so men call him [3, 15].

- Капитан – Волк Ларсен, так его все называют [4, 14].

- Капитанымыз – Қорқау Ларсен, оны бәрі де солай атайды [5, 23].

«Wolf Larsen» реалиясының бірінші сыңары калькілеу тәсілі арқылы «волк» және «қорқау» (нағыз жыртқыш қасқыр мағынасында) деп, калькілеу әдісімен, екіншісі транслитерация тәсілімен аударылды.

4) “Death Larsen!” I involuntarily cried [3, 102].

- Смерть Ларсен? – невольно вырвалось у меня [4, 63].

- Тажал Ларсен?! - дедім мен таңданып [5, 91].

Бұл реалияны аудару жолы жоғарыда келтірілген реалияны аудару тәсілімен сәйкес келеді, аудармашы реалия сөз тіркесінің бірінші сыңарын калькілеу тәсілімен «смерть»,

«тажал» деп аударды.

Осы жағдайда да аудармашы транскрипция мен калькілеу тәсілдерін бірге қолданады.

Реалия сөздерін аударудың тағы бір тәсілі бар. Ол бірнеше сөзден тұратын реалияларды аударуға арналған тағы бір тәсілі – транскрипциялау мен транслитерациялау тәсілдерінің қосарлануы. Мысалы,

1)... much in the fashion that Bill Sykes must have routed his dog [3, 44]...

... не менее грубо, чем Билл Сайкс будил свою собаку [4, 31]...

... тіпті Билл Сайкс те итін бұлай оятпаған емес [5, 45]...

2) Miss Brewster, - we had learned her name from the engineer [3, 190]...

Мисс Брустер – ее имя мы узнали от механика [4, 110]...

Мисс Брустер – біз оның аты-жөнін механиктен біліп алғанбыз [5, 160]...

“MissBrewster” реалиясының «Miss» сыңары транслитерация тәсілі арқылы, ал «Brewster» сыңары транскрипция тәсілі арқылы аударылған (ол жайында толығырақ транскрипция тәсілі арқылы аударуды қарастырған кезде айтылған болатын).

Қорыта айтатын болсақ:

1. «Д. Лондон шығармаларының аудармаларында реалия сөздерінің төмендегідей жеткізу, демек аудару тәсілдері кездесті:

- Транскрипциялау
- Калькілеу
- Транслитерациялау
- Аударатын тілде балама табу немесе болжалды аударма
- Транскрипция/транслитерация + калькілеу және қарама-қарсы
- Түсіндірмелі немесе сипаттамалы аударма
- Транскрипциялау + транслитерациялау
- Гипонимиялық аударма

2. Аударма тәсілдерін қолдану жиілігі бойынша транскрипциялау тәсілі ең жиі, ең сирек транскрипциялау+транслитерациялау және гипонимиялық аударма тәсілдері қолданылады.

3. Белгілі бір тәсілдің жиі қолданысы оның тиімділігінің көрсеткіші емес. Әр аударма тәсілінің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болғандықтан, аударма кезінде бір тәсілмен шектелмей, екі немесе үш аударма тәсілін бірге қолданған жөн.

4. Орыс тілінен қазақ тіліне аударма кезінде көптеген реалия сөздері аударылмай, этнографиялық бояуды сақтау мақсатында дәл сол қалпында қалдырылды (Д. Лондонның шығармаларын қазақ тіліне аударған Дидрахмет Әшімханұлының шешімі бойынша).

5. Реалия сөздерінің тасталып кетуі мен дұрыс жеткізілмеуі берілген сөз мағынасының толық ашылмауының себебі бола алады. Ол шетел оқырманының коннотативті бояуларды, сілтеулер мен аллюзияларды түсінбеуіне әкеледі.

6. Реалия сөздерінің аударуы аудармашының мәдениет және елтану салсындағы терең білімді талап ететін шығармашылық үдеріс.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Аксенова Г.Н. Язык, культура и бытийная картина мира//Язык и культура: библиографический аспект проблемы. Уфа. 1990.с. - 4-5.
2. Влахов С. Флорин С. Непереводимое в переводе. М.: Международные отношения, 1986. 416 с.
3. Jack London. The Sea-Wolf: novel. N.Y. The Century Company, 1997. – 237.
4. Лондон Джек. Морской волк: Рассказы, роман. (Пер. с англ. – Алма-Ата: Жалын, 1982. – 408с.)
5. Лондон Джек. Теңіз қорқауы. Роман. Повесть және әңгімелер. Астана: Аударма, 2006.- 512.
6. Jack London. Short Stories. Moscow: Foreign Languages Publishing House, 1963. – 331.
7. Лондон Джек. Повести и рассказы. Пер. с англ. – М.: Дрофа, 2002. – 379 с.

8. Macmillan English Dictionary for advanced learners. London: Bloomsbury Publishing Plc. 2002. 1692.
9. С.И. Ожегов. Толковый словарь русского языка. М.: Азъ. 1992. – 986 с.
10. Жанұзақов. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайв-Пресс, 2008. – 968б.

ӘОЖ 347.78.034

ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Михайленко Юлия

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 1-курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к. Қоңыратбаева Ж.М.

Ғылымның қарқынды дамуы мен жаңа теориялардың пайда болуы жаңа ғылыми салалар мен бағыттардың пайда болуына әкелетіні анық. Сол сияқты ХХ ғасырдың 20 жылдары түркітану ғылымында еліктеуіш сөздердің зерттелуі қолға алынып, одағай сөздерден жеке сөз табы ретінде бөлініп шықты.

Қазақ тілінің байырғы сөздік қорындағы байырғы лексиканың 25-30 пайызы имитатив ілкі түбірлері мен солардан туындаған тұлғалардан тұрады. Сөздік қорының бұл құрамы өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан жасалу тәсілдері (модельдері) бар, құрамы жағынан өте күрделі, мазмұны жағынан құнарлы тіл құбылысына жатады.

Имитатив категориясы, яғни қазақ тілінің еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш сөздері, кейінгі кездерге (50-жылдың басына) дейін одағайлармен бір сөз табы ретінде қарастырылып, оның өзіндік ерекше болмысына онша мән берілмей келді. Бұл құбылыстың тіл құрамында өзіндік жасалу заңдылықтары мен қалыптасқан жүйесі барлығы, қазақ тіліндегі жеке-дара қолданыста жүрген жүздеген, мыңдаған дербес сөздердің төркіні, түптеп келгенде, қазақ тіліндегі 500-дей ілкі еліктеуіш түбірден тарағандығы белгілі [1].

Әлем тілдерінде түркі тілдеріне қарағанда еліктеуіш сөздер ертерек зерттеле бастады. Жапон тілінде еліктеуіш сөздердің зерттелуі Эдо дәуірінде (1603- 1868) өмір сүрген Сузуки ғалымның еңбегінен («Көне әдеби тілдегі фонетика») және түрлі сөздіктерден бастау алады. Сол кездің өзінде еліктеуіш сөздер жеке сөз табы ретінде қарастырылды. Мейдзи дәуірінде (1868-1912) еліктеуіш сөздер риторикалық әдістің бірі ретінде қарастырылып, жаңа зерттеулердің объектісіне айналды. Орыс тіл білімінде еліктеуіш сөздердің немесе ономатопеяның зерттелуіндегі алғашқы қадамдар ХІІ – ХІХ ғасырда еліктеуіштерді еліктеу және одағай теориясының шеңберінде қарастыру негізінде жасалса, семантикалық жағынан қарастырылуы Т. В. Лейбинц, И. Г. Гердерг, В. Гумбольдт, Г. Штейнтайл, В. Вунт және Г. Пауль сынды ғалымдардың еңбектерінен бастау алады. Тікелей осы мәселеге қатысты жұмыстар әлем тілдерінде еліктеуіш сөздердің терең зерттелуі 1950-ші жылдардан бастау алады. В. Эль, В. Астон, В. Вундт, М. Граммон, Х. Хильмер, К. Броккельман, Г. Рамстедт, Х. Марчанд атты шетел лингвисттері ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында зерттеулерін осы тақырыпқа арнады. Ағылшын тіліне қатысты Бережная Л. Г., 1971; Воронин В., 1969; Григорян А. А., 1988; Гутнер М. Д., 1962; Лященко А. П., 1977, неміс тіліне қатысты Зыблева Д. В., 1987; Косой В. Т., 1963; Глухарева Е. А., 1976, 1979 сияқты заманауи авторлардың еңбектерінде еліктеуіш сөздер фонетикалық, құрылымдық, семантикалық және синтаксистік тұрғыдан қарастырылды.

Бүгінгі күні әлем тілдерінде еліктеуіш сөздерді зерттеуге қатысты бірнеше бағыт қалыптасты: 1) семиотикалық аспект тұрғысынан; 2) онтогенетикалық аспект тұрғысынан; 3) эксперименталды-психоллингвистикалық зерттеулер тарапынан; 4) дыбыстық символизм